

# Күні:

**Тақырып:** Қорғауға алынған табиғи аймақтар. Қорықтар, Ұлттық саябақтар.

## **Сабақ мақсаттары:**

- Қазақстан республикасының қорықтары мен ұлттық паркттері, олардың географиялық орны, құрылу мерзімі, жануарлар мен өсімдіктердің қорғауға алынған түрлері.
- Фотосуреттер бойынша қорықтар мен ұлттық паркттерді анықтау. Жергілікті қорықтарды сипаттау.



**№1 тапсырма. Суретке қарап отырып сұрақтарға жауап беріңдер.**

- Суретте қандай көрініс екенін сипаттаңдар
- Адамның қандай әрекеті бейнеленген?
- Бұл жағдай орын алмау үшін 2 ұсыныс келтіріңіздер



## **№2 тапсырма.**

1. Берілген суреттен адам әрекетін сипатта
2. Адам әрекетінің салдарынан табиғатқа келетін зиянын сипаттандар.

Мағана тану кезеңі.

1. Мәтінмен жұмыс. «Домино» ойыны арқылы /10 минут/

Мемлекеттік табиғи қорық қоры - қоршаған ортаның табиғи эталондар, реликтілері, ғылыми зерттеулерге, ағарту білім беру ісіне, туризмге және рекреацияға арналған нысандары ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған аумақтарының жиынтығы.

Қорықша – жануарлардың, өсімдіктердің жеке түрлері, су, орман, жер нысандары қорғалатын және табиғи ресурстары шектеулі түрде пайдаланылатын аумақ

Ұлттық саябақтар елімізде қорғалатын ландшафтылардың жаңа түрі. Олар әлі де толық өріс алып, дами қойған жоқ. Мұның қорықтардан айырмашылығы - туристер мен тынығушылардың кіріп көруіне рұқсат етіледі.

Ұлттық парк — ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Мемлекеттік дендрологиялық парк - табиғат қорғау мекемесінің мәртебесі бар және ағаш пен бұта тұқымдарын қорғауға, молықтыруға және пайдалануға арналған өңірлер бойынша сараланған қорғау режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Табиғат ескерткіші — ғылыми, тарихи, мәдени және эстетикалық мәні бар табиғат объектілері. Халық игілігіне жарату мақсатымен мемлекет тарапынан қорғауға алынады.

# Рефлексия



<http://earthobservatory.nasa.gov/Features/Deforestation/>

[www.treehugger.com/.../unchopping-a-tree-a-video-that-puts-defores](http://www.treehugger.com/.../unchopping-a-tree-a-video-that-puts-defores)

[www.iucn.org/](http://www.iucn.org/)

[http://en.wikipedia.org/wiki/List\\_of\\_environmental\\_organizations](http://en.wikipedia.org/wiki/List_of_environmental_organizations)

S

<http://www.nationalparks-worldwide.info/kazakhstan.htm>

**Үй тапсырмасы: Қазақстан  
қорықтарын жоспар бойынша  
кестеге түсіру және кескін  
картаға түсіру.**